

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметінің арасындағы Транзит тәртібі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 14 сәуір N 562

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылғы 17 қыркүйекте Тбилиси қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметінің арасындағы Транзит тәртібі туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының қабылдаған шешімі туралы Грузия Тарабын белгіленген тәртіппен хабарландырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Грузия Үкіметінің  
арасындағы Транзит тәртібі туралы  
КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузияның Үкіметі бұдан былай "Келісуші Жақтар" деп аталады,

Келісуші Жақтар мемлекеттерінің мүдделерін құрметтеу принциптерін басшылыққа ала отырып,

- екі Келісуші Жақ арасындағы бұрыннан бар достық қарым-қатынастардан туындай отырып,

- мемлекеттердің аумақтары арқылы көлік қозғалысын жүзеге асыру мен дамытудың қажеттігін мойындай отырып,

- халықаралық қатынастар принциптеріне өздерінің ықыластылығын растай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төмендегі келтірілген атаулар мыналарды білдіреді:

а) "үшінші елдер" - осы Келісімге қатысы жоқ мемлекеттер;

б) "транзит қозғалысы" - бір Келісуші Жақтың халықаралық пошта жіберілімдері мен тауарларын қоса есептегенде, көлік құралдарының, багаждың, жүктердің, адамдарының жүрісін білдіреді, жүктердің осындай қайта тиелуі, жинақталуы, бөлінуі және партиялап жиналуы немесе көлік құралдары түрінің ауыстырылуы транзит мемлекеті аумағынан тысқары басталатын және аяқталатын жолдың бөлігі ғана болып т а б ы л а д ы ;

в) "транзит мемлекеті" - аумағы арқылы транзит қозғалысы жүзеге

асырылатын мемлекет;

г) "көлік құралдары" - теміржолдың қозғалмалы құрамы, автомобиль көлігі, теңіз, өзен кемелері, мұнай және газ құбырлары, сондай-ақ басқа көлік құралдары.

## 2-бап

Келісуші Жақтар осы Келісімнің қағидаларына және Жақтардың ұлттық заңдарына сәйкес өз мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзит қозғалысын жүзеге асыру құқығын бір-біріне береді.

## 3-бап

Келісуші Жақтар көлік қозғалысын қамтамасыз етуге байланысты көрсетілетін нақты қызметтер үшін алынатын алымдардан басқа халықаралық келісімдер шеңберінде көлік қозғалысына кедендік баждар, салықтар мен алымдар салмайды.

## 4-бап

1. Үшінші мемлекеттерге апарылатын және жіберу мемлекетінің кеденімен ресімделмеген жүктер, Келісуші Жақтар мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзитке

және үшінші мемлекетке өтуге жіберілмейді. Осындай жүктер транзит мемлекетінің аумағында кідіріледі және мемлекетінің кедендік ресімделуіне қайтарылады. Транзиттің кідіруіне

байланысты барлық шығындар жіберу шотынан ұсталады.

2. Жүктің транзит мемлекетінің аумағы бойынша өтуі халықаралық жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес реттеледі.

3. Әскери мақсаттағы арнайы жүктер мен тағамдарды тасымалдау жеке Келісіммен реттеледі.

#### 5-бап

Келісуші Жақтардың құзырлы органдары олардың аумақтары арқылы транзитке және әкелуге, әкетуге тыйым салынған жүктердің тізімін бір-біріне ұсынады.

#### 6-бап

1. Көлік қозғалысын қамтамасыз етуге қатысты

көліктік-экспедициялық, сюрвейерлік және агенттік операциялар мен қызметтер Келісуші Жақтардың құзырлы органдарымен берілген лицензиялар арқылы кәсіпорындармен және ұйымдармен орындалатын болады.

Келісуші Жақтар осы компания өкілдерінің ашылуына көмектесетін болады.

2. Келісуші Жақтардың әрқайсысының аумағында көрсетілген операцияларды орындау жөнінде шығындарды есептеу үшін қолданылатын тарифтер мен алымдардың мөлшері қатысушылары Келісуші Жақтар болып табылатын халықаралық келісімдерге сәйкес белгіленген тарифтер мен алымдардың деңгейінен аспауы тиіс.

#### 7-бап

Осы Келісімге сәйкес төлемдер жүргізу мемлекеттік тапсырыс бойынша жүзеге асырылатын болса, үкіметаралық сауда-төлем Келісімдері бойынша аударылатын болады, ал басқа жағдайларда сатушы мен сатып алушының арасындағы тікелеу

аударулармен жүзеге асырылатын болады.

#### 8-бап

Келісуші Жақтар мемлекеттерінің аумақтары арқылы жүзеге асырылатын транзит қозғалыстарына қатысты кедендік формалдылықтар ең аз мөлшерге жеткізіледі. Егер транзит мемлекетінің ішкі заңдарына сәйкес тасымалдауға тыйым салынған заттар тасымалданып жатыр деген сыбыс түспесе, Келісуші Жақтардың құзырлы органдары транзит жүктері мен багажды тексермейтін болады. Бұл жағдайда транзит елінің кедендік

заңдарына сәйкес тексеру жүргізіледі.

#### 9-бап

Келісуші Жақтар халықаралық құқықтардың принциптері мен қалыптарына сәйкес теңізге шығуына құқығы жоқ мемлекеттің ерекше жағрапиялық жағдайына байланысты белгіленген құқықтар мен жеңілдіктерді бір-біріне беретін болады.

#### 10-бап

Осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға байланысты туындаған дау-дамалар Келісуші Жақтардың құзырлы органдарымен келіссөздер жүргізу жолымен шешілетін болады.

#### 11-бап

Осы Келісімге толықтырулар мен өзгертулер енгізу Келісуші Жақтардың құзырлы органдарымен жазбаша түрде келісілуі және ресімделуі тиіс.

#### 12-бап

Осы Келісімнің мағынасында мыналар құзырлы органдар болып табылады:

Қазақстан жағынан:

6 және 10 баптар бойынша - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;

5 және 8 баптар бойынша - Қазақстан Республикасының Кеден комитеті;

Грузия жағынан:

6 және 8 баптар бойынша - Грузияның Көлік министрлігі;

5,8 және 10 баптар бойынша - Грузияның Кедендік Департаменті.

### 13-бап

Осы Келісім оған қол қойған Келісуші Жақтар оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы хабарлаған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады. Оның қолданылуы Келісуші

Жақтардың біреуі кемінде 6 ай бұрын оның қолданылуын тоқтату туралы екінші Келісуші Жаққа хабарлағанға дейін келесі бес жылдық кезеңге өзінен-өзі ұзартылатын болады.

Екі Келісуші Жақ осы Келісімге сәйкес өзіне алған міндеттер оның қолданылуы тоқтатылғаннан кейін де олар толық орындалғанға дейін өзінің күшін сақтайды.

1996 жылғы 17 қыркүйекте Тбилиси қаласында екі дана болып, қазақ, грузин және орыс тілдерінде, әрі барлығының күші бірдей болып жасалды.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Грузияның  
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК